

А. Айтбаева,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң

жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті

АДАМГЕРШІЛІК-РУХАНИ ТӘРБИЕНІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Бардың құлы болма, ардың құлы бол
(халық даналығы)

Қазақстан Республикасы өркениетті елдер қатарына қосылу жолында саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерімен қатар, білім саласындағы басты мәселе – келешек ұрпақты заман талабына сай интеллектуалдылығы, жоғары мәдениеттілігі имандылығымен ұштасып жататын елжанды етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Осыған орай тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-аухатының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы қоғамның барлық саласында, соның ішінде білім беру салысы мен тәрбие жүйесінде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыруға жол ашты.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиеленуі, білім алу және жан-жақты қалыптасуы, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады» - деп атап көрсетілген [1].

Қазіргі таңда руханилық, адамгершілік мәселелері, жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу – барлық деңгейлерде қолға алынуда: бұл бағыттың Қазақстанның жастар саясаты тұжырымдамасындағы приоритеттілігін жариялайтын заңнамаларға қажетті түзетулер енгізілуде; ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп жаңа

оқу бағдарламалары жасақталып оқу үрдісіне енгізілуде.

Мәдениеттанушы ғалымдар «руханилық» ұғымын мәдени-антропологиялық контексте адамның ішкі субъективтік әлемі ретінде, «тұлғаның рухани әлемі» ретінде қолдануды ұсынуда. Ресей ғалымы Л.П.Бувеваның ойынша, ең бастысы білімдерді игеру емес, олардың мәні мен мақсаты. Бұл тұрғыдағы руханилық ұғымы – бұл адамның өз әлеміне, табиғат пен қоғамға деген қарым-қатынасын жоғары деңгейдегі меңгеруі, яғни, «белгілі бір деңгейдегі құндылықтар, мақсаттар мен мәндер иерархиясының көрсеткіші» [2]. Бұл көзқарастағы руханилық діни де, зайырлылық та сипатына ие. Бұлар өзара тығыз байланысты болғанымен тұлға дамуының әртүрлі деңгейлері.

Рухани-адамгершілік мәселелерін әртүрлі тарихи кезеңдерде түрлі саладағы ғалымдар көтеріп отырды (Н.А. Бердяев, М.Х. Балтабаев, В.В.Зеньковский, В.И. Слободчиков, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Жантүреева, С.Л.Франк және т.б.). Олардың көбісі өз ғылыми позициясын, мақсаттарын ұстана отырып руханилық ұғымына өз анықтамаларын берді.

Қазақстандық ғалымдар бұл салада біраз ізденістер жүргізіп К.Ж. Қожахметова «Духовно-нравственное воспитание школьников», М.Х. Балтабаев «Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің Концепциясы», С.А. Ұзақбаева «халық педагогикасы негізінде руханилыққа тәрбиелеу» тұжырымдамаларын ұсынды [3,4,5].

Ұлттық мәдениет халықтың ертеден келе жатқан өзіндік өнері, әдет-ғұрпы, салт-

дәстүрлері негізінде жетілгені айқын. Ғасырлар бойы електен өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып отырған халқымыздың мәдени салт-дәстүрлерін жан-жақты зерделеп, оның сан қырлы тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін жас буынды тәрбиелеуде кеңінен пайдаланудың уақыты жетті. Қазақ – этникалық-рухани жағынан мыңдаған жылдық дәстүр мәдениетінде, философиясы мен әдебиетінде, тарихи шежіресінде рухани-адамгершілік құндылықтарға ерекше мән берген халық. Жалпы ананы, Отанды, ана тілін қадірлейтін, оларды жан-жақты дәріптейтін деректерді көне заман ескерткіштеріне көптеп табуға болады. Алғашқы қауымдық құрылыстан біздің заманға шеру тартатын мәдениет дәстүрі сабақтастығын тиянақтап зерделесек, оның қазіргі педагогика жетістіктерінің ілкі бастауында орны бар екендігіне көз жеткіземіз. Қоғам дамуының заңдылықтары мен әдеп тағылымдарының өзі діни-имандылық нормалардан бастау алады. Қай дін болмасын тұлғаның дұрыс қалыптасуына қажетті тәрбиелік, этикалық, мінез-құлықтық міндет-шарттарды қатаң реттеп отырған. Әсіресе ислам дінінде имандылық ұғымына сыйып кететін қайырымдылық, руханилық, әділеттілік, шындық, сенім, үлкенге деген сыйлы, кішіге деген қамқорлық көзқарастар т.б. құндылықтар ерекше айқындалып нормалық пішінге келтірілген. Адам баласының бойындағы тәрбие мен тәлім арқылы қалыптасатын мінез-құлықтардың ішінде, әсіресе, қайырымдылық пен зұлымдық мәселелері ерекше орынға ие [6].

Адамның парасаттылық, имандылық, нәзіктік, ақылдылық, іскерлік, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығына аса құнды мұралар арнаған ғалымдар Ибн Сина, Әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей» жазуларынан бастап, түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес мұра қалдырған Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иассауи, Ахмет Жүгінеки, Қыдырғали Жалайри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орын ерекше.

Жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен маңызын, тәлім-тәрбиесін, өмірдің қырсыры туралы толғаныстарын, ақыл-кеңесін, даналық өсиеттерін, терме-жырлар арқылы толғаған ақын-жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар жарау, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы қазақ ұл-қыздарын тән құнды қасиеттерді, оларды тәрбиелеу туралы көзқарастарын өздерінің әдеби-көркем шығармаларына арқау етті.

Қазақтың белгілі ағартушы-педагогтары Ш. Уәлиханов, Ғ. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов және т.б. еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіне, оның ішінде қыз бала тәрбиесіне аса көп көңіл бөлген [7].

Осы мақсатта 2009-2010 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарында «Жастардың рухани-адамгершілік білім мазмұнының өзекті мәселелері» курсы оқытыла бастады. Белгілі бір стандарт немесе бірегей бағдарлама болмағандықтан екінші жыл оқытылып отырған бұл курс мазмұнын оқытушылар өздері құрастыруға құқылы әрі ерікті болды. Нәтижеде әр оқу орнында өзіндік ерекшеліктері бар түрлі мазмұн-мәндегі бағдарламалар жасалды. Курс магистранттардың рухани-адамгершілік көзқарастарының анықталып, нығайтып, тәрбие мен білім беруге деген дәстүрлі және жаңаша тұрғыларды саралап, талдауына, педагогикалық теорияның қазіргі заманғы принциптер жүйесін нақтылауына мүмкіндіктер береді. Осыған сәйкес курстың төмендегідей міндеттері анықталды:

- Магистранттарды ғылыми пәннің құрылымы және мазмұнынмен таныстыру;
- Магистранттарды әлемнің түрлі елдеріндегі білім реформалары мен білім берудің даму тенденцияларымен таныстыру.

Магистранттардың біліктілігінің негізгі формалары: «Жастардың рухани-адамгершілік білім мазмұнының өзекті мәселелері» курсын оқыту үрдісінде магистранттарға берілетін білім пәнаралық және жеке тұлғаға бағытталған сипатта

болуы тиіс. Білім бұл жағдайда рефлексті-логикалық деңгейде қалыптасады да, сыни тұрғыдан қабылданып, қарым-қатынастың қолданбалы білік, дағды түріне айналады деп анықталды.

«Жастардың рухани-адамгершілік білім мазмұнының өзекті мәселелері» курсы магистранттың қоғамдағы қабылданған

құндылықтардың жалпы жүйесін игеруіне мүмкіндік беруімен, сондай-ақ толық ғылыми көзқарастың қалыптасуына және дамуына себепші болатындығымен ерекшеленеді. Төменде өзіміз құрастырған оқу бағдарламасының құрылымы нұсқасын толық ұсынуды жөн көрді.

Кесте - Курстың құрылымы

Апта	Тақырыбы	Сағат	СӨЖ тақырыптары
	Модуль I. Рухани-адамгершілік тәрбиенің үздіксіз білім беру жүйесіндегі орны және ролі.		
1	1-дәріс. Рухани-адамгершілік тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.	2	М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова тұжырымдамалары: ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыра талдау.
1	1-семинар. Рухани-адамгершілік тәрбие туралы негізгі тұжырымдар: мақсаттары мен ерекшеліктері.	1	
2	2-дәріс. Рухани-адамгершілік тәрбиенің шығу және даму тарихы.	2	Қазақ ғұламаларының рухани-адамгершілік тәрбие туралы ой- пікірлерін салыстыра талдау.
2	2-семинар. Рухани-адамгершілік тәрбиенің генезисі, даму кезеңдері.	1	
3	3-дәріс Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің құнды негіздері.	2	
3	3-семинар. Адамгершілік принциптері, олардың адам өміріндегі мәні.	1	
4	4-дәріс. «Жастардың рухани-адамгершілік білім мазмұнының өзекті мәселелері» курсының негізгі міндеттері.	2	
4	4-семинар. «Жастардың рухани-адамгершілік білім мазмұнының өзекті мәселелері» курсының негізгі міндеттері мен мақсаты.	1	
5	5-дәріс. Жоғары оқу орындарында рухани-адамгершілік тәрбие берудің мәні, маңызы және міндеттері.	2	
5	5-семинар. Жоғары оқу орындарында рухани-адамгершілік тәрбие берудің мәні мен маңызы.	1	

Апта	Тақырыбы	Сағат	СӨЖ тақырыптары
	Модуль 2. Жалпыадамзаттық құндылықтар.		
6	6-дәріс. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудің негіздері.	2	
6	6-семинар. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудің әлеуметтік-экономикалық, тарихи және мәдениеттанушылық негіздері.	1	Жоғары оқу орындарында рухани-адамгершілік тәрбие берудің мәні, маңызы және міндеттері туралы эссе
7	7-дәріс. Жоғары оқу орындарында рухани тәрбиені ұйымдастыру мен қалыптастырудың шарттары.	2	
7	7-семинар. Жоғары оқу орындарындағы тәрбиелеу жолдары, әдістері.	1	
8	8-дәріс. Руханилық және адамгершілік ұғымдары.	2	
8	8-семинар. Руханилық және адамгершілік құндылықтар көздері.	1	
9	9-дәріс. Шыншылдық пен әділдік ұғымдары.	2	
9	9-семинар. Шыншылдық пен әділдікті тәрбиелеу көздері.	1	1-АБ Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегіне жазбаша талдау
10	10-дәріс. Жанашырлық пен қайырымдылық ұғымдары.	2	
10	10-семинар. Отан және ұлтжандылық ұғымдарын тәрбиелеу көздері.	1	
	Модуль 3. Халықтық тәрбиедегі жоғары адамгершілік құндылықтар, оларды тәрбиелеу жолдары.		
11	11-дәріс. Халықтық тәрбие – жетілген тұлға қалыптастырудың негізі.	2	Халықтық салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиетіндегі адамгершілік тәрбие мәселелерінің қойылысы (пікірсайыс)
11	11-семинар. Халық ұғымындағы жетілген тұлға сипаты.	1	
12	12-дәріс. Рухани-адамгершілік тәрбиенің халықтық құралдары мен әдістері.	2	
12	12-семинар. Тәрбиенің халықтық құралдары ретіндегі салт-дәстүр мен ауыз әдебиетінің ролі.	1	
13	13-дәріс. Адамгершілік-рухани білім берудің приоритетті бағыттары мен проблемалары.	2	

Апта	Тақырыбы	Сағат	СӨЖ тақырыптары
13	13-семинар. Адамгершілік-рухани білім берудің приоритетті бағыттары мен проблемалары-әлемдік педагогикалық ой-пікірдің негізгі бағыты.	1	
14	14- дәріс. Қазақ ғұламалары - жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу туралы.	2	
14	14-семинар. Ерте заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ тәлім-тәрбиелік ой-пікірі.	1	Қазақ ғұламаларының жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу туралы ойларына талдау, мысалдар келтіру
15	15-дәріс. . Рухани-адамгершілік тәрбиеге баулудағы ата-ананың ролі.	2	
15	15-семинар. Отбасы тәрбиесі-рухани-адамгершілік тәрбиенің бастауы ретінде.	1	2-АБ Адамгершілік-рухани тәрбиеге арналған двайзерлік тәрбие сағатының өңдемесін құрастыру
	Барлығы:	30/15	20

Сөз соңында айтарымыз - педагогикалық ғылыми зерттеулер дәлелдеген талап қоюдағы нақтылық - мадақтау, жазалау, ынталандыру, бақылау нәтижелері жөнінде кеңесу т.б. әдістерді жағдайға байланысты қолдана білу – табысқа жетудегі қозғаушы күш екенін ерекше назарда ұстағанымыз дұрыс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. –Алматы,
2. Буева Л.П. Духовность, художественное творчество, нравственность// Вопросы философии. –1996. – №2. – с. 119.
3. Қожахметова К.Ж. Проект Концепции Духовно-нравственного воспитания школьников (педагогический и этнопедагогический аспекты). –Алматы, 2002.- 19 с.
4. Балтабаев М.Х. Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің Концепциясы. –Алматы, - 2002, -27 б.
5. Ұзақбаева С.А. Халық педагогикасы негізінде руханилыққа тәрбиелеу. –Алматы, -2003. -17 б.

6. Айтбаева А.Б. Адами құндылықтарды қалыптастырудағы діннің ролі. «Әлеуметтік және экономикалық дамудағы діннің ролі» халық. ғылыми-практикалық конф. материалдары// Ғылыми-педагогикалық жинақ. –Алматы, 2009, 283-285 бб.

7. Айтбаева А.Б. Этномәдени құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі. Жаһандану дәуіріндегі Қазақстанда білім беруді басқарудың проблемалары // Ғылыми-педагогикалық жинақ. –Алматы. - 2010, №2.

В статье рассматриваются вопросы духовно-нравственного воспитания на примере элективного курса магистратуры специальности «педагогика и психология» КазНУ «Актуальные проблемы нравственно-духовного воспитания молодежи». Автор обосновывает цель и задачи курса, технологию проектирования.

Morality, internal cultural content of a person can't be set, it can only help develop and improve. The article deals with the spiritual and moral education of youth by the example of the same name of the course to graduate